

«ЕСЖ» Тауар биржасы» АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛГЕН
2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 321 хаттама

«ЕСЖ» Тауар биржасы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген
өзгерістерді ескере отырып,
2025 жылғы 19 мамырдағы № 363 хаттама, 2025
жылғы 20 маусымдағы № 367 хаттама).

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ
ҚР биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы
уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен
Биржалық сауда қағидаларын іске асыру жөніндегі
РЕГЛАМЕНТІ**

Алматы қ.

Осы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ Қазақстан Республикасының Биржалық сауда қағидаларын іске асыру жөніндегі Регламенті, «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 04 мамырдағы бекітілген Қазақстан Республикасының Заңының 4 және 10-шы бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Биржалық сауда қағидаларын қолдану мақсатында әзірленген.

1 бөлім. Биржалық сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі жалпы ережелер

1-бап. Жалпы анықтамалар

1.1. Осы Регламенттің мақсатында келесі анықтамалар пайдаланылады:

Әкімші –	Сауда жүйесін әкімшілендіру функцияларын орындауға уәкілетті Биржаның штаттық қызметкері.
Биржа -	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» Акционерлік Қоғамы.
Тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім/ Өтінім -	Сауда-саттыққа қатысушының Тауарды сату (сатып алу) туралы ұсынысы (оферта) немесе Сауда-саттыққа қатысушының Қағидаларға сәйкес Сауда жүйесінде Тауарды сатып алу-сату мәмілесін жасасу үшін қажетті барлық шарттарды қамтитын, Тауарды сатып алу (сату) туралы ұсынысты қабылдау туралы хабарламасы (акцепт).
Өтінімді Орындау –	жарияланған Өтінім негізінде Сауда жүйесінде Мәміле (Мәмілелер) жасасу.
Клиент –	тапсырма бойынша және оның есебінен Сауда-саттыққа қатысушы сауда-саттықта мәмілелер жасасатын тұлға.
Клирингтік орталық –	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Өтінім Көлемі –	Өтінімде көрсетілген Тауар бағасының және үтірден кейін екі белгіге дейін арифметикалық дөңгелектеуді ескере отырып, Өтінімде көрсетілген Тауар санының көбейтіндісіне тең сома.
Клиринг қағидалары –	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің клиринг қағидалары.
Биржалық сауда қағидалары	Қазақстан Республикасының елдің биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен және Биржаның www.ets.kz интернет-ресурсында орналастырылған қолданыстағы Биржалық сауда Қағидалары.
Жұмыс станциясы –	Сауда-саттыққа қатысушының Сауда жүйесіне қашықтан қол жеткізуін қамтамасыз ететін және Трейдерге осы Сауда жүйесінде Өтінімдерді жариялауға (өзгертуге, жоюға), мәмілелер жасасуға, Биржа ашатын ақпаратты алуға және Регламентке және Биржаның басқа да құжаттарына сәйкес Сауда-саттыққа қатысу үшін қажетті өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық және аппараттық құралдардың жиынтығы.

Жұмыс күні –	Алматы қаласындағы демалыс немесе мереке күнінен басқа банктер жұмыс істейтін күнді білдіреді.
Сауда режимі –	Саудажүйесінде Өтінімдерді жариялау және мәмілелер жасасу шарттарының жиынтығы.
Биржа Сайты –	http://www.ets.kz мекенжайындағы Интернет желісіндегі сайт.
Кейінге қалдырылған орындалуы бар мәміле -	Тауарды жасасу кезінде белгіленген мерзім ішінде оны төлеу және беру жөніндегі міндеттемелерді орындауды көздейтін Тауарды сатып алу-сату мәмілесі.
Тауарлар Тізімі -	Биржаның сауда секцияларындағы сауда-саттыққа жіберген Тауарлар тізбесі.
Тауар -	бірліктері барлық жағынан бірдей, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын биржалық тауарлардың тізбесіне және (немесе) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген стандартталған біртекті тауар, олар ұқсас сипаттамаларға ие болып келеді және ұқсас компоненттерден тұрады, бұл оларға партиялардың әртүрлі өндірушілерден толық бірін-бірі алмастыру қасиетіне ие функцияларды орындауға мүмкіндік береді.
Сауда-саттық -	Сауда жүйесіне берілген Өтінімдер негізінде тауармен мәмілелер жасауға бағытталған осы Регламент шеңберінде жүргізілетін процесс.
Сауда жүйесі -	биржалық сауда-саттықты өткізу үшін қажетті және биржалық мәмілелерді жасасу, сондай-ақ ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және ашу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін тауар биржасының есептеу құралдары, бағдарламалық қамтамасыз ету, дерекқорлар, телекоммуникациялық құралдар мен басқа да жабдықтар кешені.
Сауда лоты -	Сатып алу (сату) өтінімінде көрсетілген Тауардың саны еселенген болуы тиіс Тауардың ең аз саны.
Трейдер -	Сауда-саттыққа қатысушының атынан мәмілелер жасасуға байланысты Сауда жүйесінде іс-әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілетті және Биржада белгіленген тәртіппен тіркелген Сауда-саттыққа қатысушының қызметкері.
Сауда-саттыққа қатысушы -	Биржаның сауда секцияларында аккредиттелген, өз Клиенттерінің тапсырмасы бойынша және есебінен Тауармен мәмілелер жасасатын брокер, не өз мүддесі үшін және өз есебінен Тауармен мәмілелер жасасатын дилер.
Уәкілетті орган -	сауда қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.
Шлюз -	Сауда-саттыққа қатысушыға қолданбалы бағдарламалау интерфейсін ұсынатын Жұмыс станциясының түрі.

Регламентте пайдаланылатын өзге де терминдер Биржалық сауда қағидаларына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына және Клиринг қағидаларына сәйкес түсіндіріледі.

1.2. Биржаның сауда секцияларында сұйытылған мұнай газы, мұнай өнімдері, көмір, цемент, қант, көміртегі бірліктері сияқты тауарлармен биржалық сауда-саттық жүргізу тәртібі Биржалық сауда қағидаларымен айқындалады.

2-бап. Биржа мүшелігіне қабылдау (аккредиттеу), мүшелікті тоқтата тұру және тоқтату тәртібі.

2.1. Биржалық сауда Қағидаларының, ҚР өзге де заңнамаларының талаптарына, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілері, Биржаның мүшелері бола алады.

2.2. Биржадағы мүшеліктің санаттары, Биржа мүшелігіне кіру шарттары мен тәртібі, Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, Биржадағы мүшелікті тоқтата тұру және тоқтату шарттары мен тәртібі Биржалық сауда қағидаларымен айқындалады, сондай-ақ оларды іске асыру үшін бекітілген «Еуразиялық сауда жүйесі» Тауар биржасы» АҚ мүшелерін аккредиттеу, оларды аккредиттеуді тоқтата тұру және тоқтату шарттарымен (бұдан әрі - Аккредиттеу жөніндегі шарттар) жүзеге асырылады.

2.3. Биржа мүшелігіне қабылдау үшін үміткер Биржаға қабылдау туралы өтінішті және Биржалық сауда ережесінің және Аккредиттеу жөніндегі шарттың талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынуы тиіс. Биржаның мүшелігіне қабылдау туралы шешімді Биржаның уәкілетті органы қабылдайды.

2.4. Биржадағы мүшелікті тоқтата тұру Биржалық сауда қағидаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

2.5. Биржаға мүшелік Биржа мүшесінің өтініші бойынша не Биржалық сауда қағидаларына сәйкес Биржаның уәкілетті органының шешімі негізінде тоқтатылады.

3-бап. Биржаның сауда секциялары

3.1. Биржа Биржалық сауда қағидаларында және Аккредиттеу шарттарында айқындалған Сауда секцияларында Сауда-саттықты өткізуді ұйымдастырады.

4-бап. Сауда-саттық түрлері және Сауда режимі

4.1. Сауда секцияларындағы Сауда-саттық тек қана электрондық биржалық Сауда-саттық түрінде жүргізіледі.

4.2. Биржа Сауда-саттықты қосарлы қарсы аукцион режимінде өткізуді ұйымдастырады.

5-бап. Биржаның қызметтері үшін төлемдер мөлшері және оларды өндіріп алу тәртібі.

5.1. Биржа мүшелері мүшелік кіру жарналарын, сондай-ақ биржалық комиссияны және Биржаның Сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсету шарттарында, сондай-ақ ҚР өзге де заңнамаларында және Биржаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде өзге де төлемдерді төлейді.

6-бап. Сауда-саттыққа қатысушылар.

6.1. Сауда-саттыққа тек Сауда-саттыққа қатысушылар жіберіледі.

6.2. Биржа Сауда-саттыққа қатысушылардың есебін олар туралы келесі деректер негізінде жүргізеді:

- Сауда-саттыққа қатысушының толық атауы;
- Биржамен берілген Сауда-саттыққа қатысушының коды;
- Сауда-саттыққа қатысушының орналасқан жері, телефон нөмірі, электрондық поштасының мекенжайы;
- Сауда-саттыққа қатысушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- Сауда-саттыққа қатысушылардың банк шоттарының деректемелері;
- Сауда-саттыққа қатысушының лицензиясы туралы мәліметтер (егер лицензияланатын қызмет түрімен айналысса), оның ішінде: жүзеге асыруға лицензия (лар) берілген қызмет түрі (түрлері), лицензияны берген органның атауы, лицензияның нөмірі, лицензияның берілген күні мен қолданылу мерзімі;
- Сауда-саттыққа қатысушының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі;
- Сауда-саттыққа қатысушыны Биржа мүшелігіне қабылдау күні;
- Сауда-саттыққа қатысушының атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты;
- Сауда-саттыққа қатысушының Трейдердің (Трейдерлердің) тегі, аты, әкесінің аты;
- Сауда-саттыққа қатысушыға немесе оның Трейдерлеріне қатысты әкімшілік жауапкершілікке тарту және/немесе тәртіптік шараларды қолдану туралы мәліметтер.

6.3. Сауда-саттыққа қатысушы мәмілелер жасауға құқылы:

- өз атынан және өз есебінен;
- өз атынан және Клиенттің есебінен.

6.4. Сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу кезінде Биржа оған код ұсынады және оған бұл туралы ақпарат береді.

7-бап. Трейдерлер

7.1. Сауда-саттыққа қатысушы Сауда-саттыққа өзінің Трейдерлері арқылы қатысады және олардың іс-әрекеттері үшін жауапты болады.

7.2. Трейдерлерді тіркеу, оларды тіркеудің күшін жою тәртібін, сондай-ақ Трейдерлердің Сауда жүйесіне кіруін тоқтата тұру және қайта жаңарту тәртібін Биржа белгілейді.

7.3. Сауда-саттыққа қатысушы Трейдердің өкілеттігінің тоқтатылғаны туралы Биржаны дереу хабардар етуге міндетті және осы міндеттемені бұзудың қолайсыз салдарлары тәуекелін көтереді.

8-бап. Сауда-саттыққа брокерлердің қатысу ерекшеліктері

8.1. Биржалық сауда-саттыққа қатысушы брокер сауда-саттықта бір және одан да көп клиенттерді білдіреді.

8.2. Биржалық сауда-саттыққа қатысушы брокер бір мезгілде сатушы мен сатып алушының мүдделерін білдірмейді.

9-бап. Жауапкершілік

9.1. Сауда-саттыққа қатысушы Биржаның, өзінің контрагенттерінің (Сауда-саттыққа қатысушылардың) және Клиенттердің алдында өз Трейдерлерінің іс-әрекеттері және олардың Биржада жасаған мәмілелерінің тиісінше орындалуы үшін жауап береді.

9.2. Биржа Сауда-саттыққа қатысушылардың Сауда-саттыққа қатысуына байланысты қызметін, олардың Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын және Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауын бақылайды.

9.3. Сауда-саттыққа қатысушыларға олар Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда тәртіптік ықпал ету шаралары Биржаның Биржалық арбитраждың Регламентінде, Биржаның басқа да ішкі

нормативтік құжаттарында айқындалады.

9.4. Биржа, Клиринг орталығы биржалық сауда-саттықты ұйымдастырады, қызмет көрсетеді және биржалық мәміле тараптарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

10-бап. Сауда күні

10.1. Биржа биржалық сауда-саттықты өзі белгілеген сауда күндерінде өткізеді. Сауда күнінің, сауда сессиясының және клирингтің басталу және аяқталу уақытын Биржа сауда күнінің орташа ұзақтығын кемінде бес сағат ескере отырып белгілейді.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес түнгі уақытта (сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін), демалыс және мереке күндері сауда сессияларын өткізуге жол берілмейді.

10.2. Биржаның сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсыну кестесі Биржаның интернет-ресурсында орналастыру жолымен Сауда-саттыққа қатысушыларға жеткізіледі.

11-бап. Тауар

11.1. Сауда-саттықта Тауармен мәмілелер жасалады.

11.2. Белгілі бір Сауда секциясында Сауда-саттыққа Тауарды жіберу оны осы Сауда секциясында Сауда-саттыққа жіберілген Тауарлар Тізіміне енгізу жолымен жүзеге асырылады. Тауарды белгілі бір Сауда секциясында Сауда-саттыққа жіберу кезінде оған Биржа белгілеген тәртіппен сәйкестендіру коды (бұдан әрі - Тауар коды) беріледі.

12-бап. Өтінімдер

12.1. Сауда-саттықтағы мәмілелер Тауарды сатып алуға (сатуға) арналған өтінімдер негізінде жасалады.

12.2. Өтінім басқа Өтінімге қатысты қарсы болып есептеледі, егер:

- көрсетілген Өтінімдер қарама-қарсы әрекеттерге бағытталған болса (бір Өтінім сатып алуға Өтінім болып табылады, басқа Өтінім сатуға Өтінім болып табылады);
- көрсетілген Өтінімдер бір түрге жататын болса (мекенжай/мекенжайсыз),
- көрсетілген Өтінімдер Тауардың бірдей кодын қамтитын болса;
- көрсетілген Өтінімдердің Тауарды беру шарттары бірдей болса;
- сатып алу бағасы сату бағасынан жоғары немесе оған тең болса;
- осы Регламентте көзделген өзге де талаптар сақталатын болса.

13-бап. Өтінім түрлері

13.1. Атаулы және атаусыз өтінімдер. Сауда-саттықтың барлық қатысушыларына жолданған өтінімдер (ол туралы ақпарат ашылады) атаусыз деп танылады. Барлық өзге Өтінімдер атаулы деп құпталады.

Атаусыз Өтінімдер жасырын және жасырын емес болуы мүмкін. Атаулы өтінімдері тек қана жасырын емес болуы мүмкін.

Кейінге қалдырылған орындаумен Мәмілелер жасасуға арналған өтінімдер - атаулы болып табылады.

Атаулы Өтінімі онда көрсетілген Тауардың барлық санына ғана және онда көрсетілген бағамен ғана орындалуы мүмкін. Жарияланған атаулы Өтінім туралы ақпарат Өтінімде көрсетілген Сауда-саттыққа қатысушыға ғана жеткізіледі.

13.2. Жасырын және жасырын емес өтінімдер. Егер атаусыз Өтінім берген Сауда-саттыққа қатысушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат Сауда-саттық барысында барлық Сауда-саттыққа қатысушыларға ашылмаса, мұндай Өтінім жасырын болып танылады. Егер көрсетілген ақпарат Сауда-саттық барысында барлық Сауда-саттыққа қатысушыларға ашылса, Өтінім жасырын емес деп танылады.

13.3. Нарықтық және лимиттелген өтінімдер. Егер Өтінім жарияланған сәтте қолжетімді ең жақсы баға бойынша мәміле жасасуды көздейтін болса, атаусыз Өтінім - нарықтық өтінім деп танылады. Егер ол Өтінімде көрсетілген баға бойынша немесе ең жақсы баға бойынша

мәміле жасасуды көздесе, атаусыз Өтінім лимиттелген деп танылады.

13.4. Өтінім ішінара орындауға, яғни оның негізінде мәні Өтінімде көрсетілген Тауар санынан аспайтын Тауар саны болып табылатын бір немесе бірнеше мәмілелер жасасуға жол беруі мүмкін.

Егер осы Өтінім негізінде Өтінімде көрсетілген Тауардың барлық санына бір мәміле жасалуы мүмкін болса, Өтінім ішінара орындауға жол бермейді деп танылады.

13.5. Тоқтатым Өтінім Мәмілелер тізілімінде осы Өтінімде көрсетілген бағадан (стоп-баға) төмен (Тауарды сатуға арналған Өтінім үшін) немесе жоғары (Тауарды сатып алуға арналған Өтінім үшін) баға бойынша тіркелген сәттен бастап жарияланған болып есептеледі. Тоқтатым Өтінімді жариялағанға дейін оның Өтінімдер тізілімінде тіркелу фактісі туралы ақпарат Сауда-саттыққа қатысушыларға ашылмайды.

13.6. Дерееу орындалатын өтінім (нарықтық Өтінім және ішінара орындалуға жол бермейтін Өтінім) ол жарияланған сәтте орындалуға тиіс және ол көрсетілген сәтте орындалмаған жағдайда хабарланған өтінімдерден дерееу шығарылады. Сауда сессиясы ішінде қолданылатын орындалмаған өтінімді Биржа ол жарияланған Сауда сессиясы аяқталғаннан кейін жарияланған Өтінімдерден алып тастайды.

Мерзімсіз Өтінім Сауда-саттыққа қатысушы оны алып тастағанға дейін немесе ол толық орындалғанға дейін қолданылады (жарияланған болып табылады).

Оның қолданылу мерзімінің аяқталу күнін қамтитын өтінім көрсетілген күні өткізілетін Сауда сессиясы аяқталғанға дейін қолданылады. Егер мұндай өтінім оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындалмаса, оны осы мерзім өткеннен кейін Биржа алып тастайды.

14-бап. Өтінімнің мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

14.1. Егер Қағидаларда өзгеше көзделмесе, Өтінім келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Өтінім берген Сауда-саттыққа қатысушының коды;
- Өтінім жіберілетін Сауда-саттыққа қатысушының коды (егер Өтінім атаулы болып табылса, көрсетіледі);
- Өтінім санаты (сатып алу немесе сату);
- Тауардың коды;
- Тауардың саны;
- Тауардың бағасы (Сатып алу өтінімінде және Сату өтінімінде көрсетіледі);
- мәміле валютасы;
- мәміле бойынша төлем валютасы;
- «Т» - қазақстандық теңге;
- «S» - АҚШ доллары.
- Тауарды беру шарттары;
- мәмілені орындау мерзімі (кейінге қалдырылған орындаумен Мәміле жасасуға арналған өтінімде көрсетіледі);
- егер атасыз Өтінім жарияланса, Өтінімнің жасырын еместігінің белгісі;
- Өтінім бойынша ішінара орындау мүмкіндігі;
- Өтінімнің тоқтатым Өтінім болып табылатындығын көрсету;
- Өтінімнің дерееу орындалатын Өтінім, Сауда сессиясы ішінде қолданылатын Өтінім немесе мерзімсіз Өтінім болып табылатынын көрсету.

14.2. Биржа белгілеген жағдайларда Өтінімде Регламенттің 14.1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мәліметтер болуы мүмкін.

14.3. Өтінімдегі «Тауарды беру шарттары» - өрісі Регламентте көзделген мәндерді қабылдай алады.

14.4. Тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімдердегі және кері сатып алу шартымен Мәмілелер жасасуға арналған өтінімдердегі Тауардың саны Сауда лотының мөлшеріне қойылатын талаптарды сақтай отырып көрсетіледі.

14.5. Сатуға (сатып алуға) арналған Өтінімдердегі тауардың бағасы Сауда құралдары ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес көрсетіледі.

15- бап. Өтінімдерді Жариялау

15.1. Жұмыс станциясының көмегімен Трейдер Өтінім нысанын толтыруды және оны сауда жүйесіне жіберуді жүзеге асырады.

15.2. Осы Регламентте белгіленген жағдайларда Клиринг орталығымен жасалған шартта және Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен Клиринг орталығын сауда-саттыққа қатысушылардың Өтінімдер бергені туралы хабардар етеді.

Клиринг орталығы клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, Өтінім бергені туралы биржа хабардар еткен Өтінімді жариялау мүмкіндігін тексеруді жүзеге асырады. Осы тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда Клирингтік орталық биржаға Өтінімді жариялау мүмкіндігін Растауды, ал көрсетілген тексерудің теріс нәтижесі болған жағдайда - Өтінімді жариялаудан бас тартуды жібереді.

Сауда-саттыққа қатысушы берген өтінім Биржаның Клирингтік орталықтың оны жариялау мүмкіндігін растауын алғаннан кейін дереу Өтінімдер тізілімінде тіркеледі.

15.3. Тоқтатым Өтінімді қоспағанда, Өтінім тізілімінде тіркелген кезден бастап Өтінім жарияланған болып есептеледі.

15.4. Өтінімнің белгіленген талаптарға сәйкес келмегені үшін осы Өтінімді берген Сауда-саттыққа қатысушы жауапты болады.

16- бап. Өтінімдер Тізілімін қалыптастыру тәртібі

16.1. Биржа Өтінімдер Тізілімін қалыптастырады және жүргізеді.

16.2. Осы Регламенттің 15-бабының 15.2-тармағында және 18-бабының 18.1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сауда-саттыққа қатысушылар беретін Өтінімдер дереу Өтінімдер Тізілімінде тіркелуге жатады.

16.3. Өтінімдер Тізілімінің құрамы:

- Өтінімнің сәйкестендіру нөмірі;
- Өтінім берген сауда-саттыққа қатысушының коды;
- Өтінім жолданған Сауда-саттыққа қатысушының коды (егер Өтінім атаулы болып табылса көрсетіледі);
- Өтінім жолдамасы (сатып алу немесе сату);
- Өтінім түрі, оның ішінде атаулы немесе атаусыз;
- Өтінімнің шарттары, оның ішінде Тауардың коды, оған қатысты Өтінім берілген тауардың саны (Өтінім ішінара орындалған жағдайда Өтінімнің орындалмаған бөлігін құрайтын тауардың саны көрсетіледі);
- Өтінімді тіркеу күні мен уақыты;
- Өтінімді орындау (толық/ішінара) немесе жою күні мен уақыты;
- Өтінімді жариялау нәтижесі (толық орындалды, ішінара орындалды, жойылды).

16.4. Егер Өтінім орындалмаса немесе Қағидада өзгеше көзделмесе, Сауда-саттыққа қатысушы Өтінімдер тізілімінде тіркелген өзі берген Өтінімді өзгертуге немесе жоюға құқылы. Өтінімдерді өзгерту және жою фактілері Өтінімдер тізілімінде тіркеледі.

17- бап. Сауда-саттықта мәмілелер жасасу

17.1. Сауда - саттыққа қатысушылардың Офертаны алу сәті Өтінімді жариялау сәті болып табылады.

17.2. Офертаны қабылдауды Сауда-саттыққа қатысушы қарсы Өтінімді жариялау арқылы жүзеге асырады. Сауда-саттыққа қатысушы - акцептің оференті осы Сауда-саттыққа қатысушы жариялаған Өтінімге қатысты қарсы болып табылатын Өтінімді жариялау сәті болып табылады.

17.3. Сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер Қазақстан Республикасының Алматы қаласында жасалған болып есептеледі.

18-бап. Өтінімдерді жариялауға және мәмілелер жасасуға шектеулер

18.1. Сауда-саттыққа қатысушы Регламентті бұза отырып берген Өтінім, Өтінім тізілімінде тіркелмейді. Сондай-ақ өтінімді қабылдаудан бас тартуға төмендегілер негіз бола алады:

1) өтінімді дұрыс ресімдемеу, осы Регламентке сәйкес өтінім берудің белгіленген мерзімдері мен тәртібін бұзу;

2) қамтамасыз етумен биржалық мәмілелер жасалған жағдайда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болмауы;

3) Сауда-саттыққа қатысушының биржалық алымды төлемеуі, сондай-ақ оның Биржаның және (немесе) Клиринг орталығының алдында мерзімі өткен өзге де берешегінің болуы;

4) биржалық саудаға қатысушының бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындамау фактісін анықтау.

18.2. Биржа Сауда-саттықта Өтінімдерді жариялауға және мәмілелер жасасуға өзге де шектеулер белгілеуге құқылы.

19-бап. Мәмілелер тізілімін қалыптастыру тәртібі

19.1. Биржа сауда-саттықта жасалған мәмілелерді мәмілелер тізілімінде олардың жасалуына қарай тіркейді.

19.2. Мәмілелер тізілімі мыналарды қамтиды:

- мәмілені жасасудың және орындаудың стандартты шарттары (тауардың бағасы мен кодын қоспағанда);

- мәміленің сәйкестендіру нөмірі;

- негізінде мәміле жасалған Өтінімдердің сәйкестендіру нөмірлері;

- мәмілені тіркеу күні мен уақыты;

- мәміле жасасқан сауда-саттыққа қатысушылардың кодтары;

- Мәміле жасасқан сауда-саттыққа қатысушылар көрсеткен сауда-саттық шоттарының кодтары;

- мәміленің мәні болып табылатын Тауардың коды;

- мәміленің атаулы немесе атаусыз Өтінім негізінде жасалғанын көрсету;

- Тауардың бағасы;

- Тауар саны;

- мәміле валютасы;

- мәміле сомасы;

- төлем валютасы;

- Тауарды беру шарттары.

19.3. Биржа Сауда-саттықта жасалған мәмілелерді олардың жасалуына қарай Мәмілелер тізілімінде тіркейді.

20-бап. Қарсы Өтінімдер аукционы шеңберінде атаусыз Өтінімдер негізінде. сатып алу-сату мәмілелерін жасасу кезінде бағаны айқындау.

20.1. Мәміле Өтінімде көрсетілген бағамен немесе ең жақсы бағамен жасалуы мүмкін.

20.2. Мәміле шектеулі Өтінімдер негізінде жасалған кезде мәміле бұрын жарияланған Өтінімде көрсетілген баға бойынша жасалады.

20.3. Нарықтық Өтінімдер негізінде жасалған мәмілелер оларға қатысты қарсы лимиттелген Өтінімдердің бағалары бойынша жасалады.

20.4. Жарияланған Өтінімдер тізілімінде жаңадан жарияланған Өтінімге қарсы бірнеше Өтінім болған кезде, мәміле жаңадан жарияланған Өтінім үшін неғұрлым тиімді бағаны қамтитын Өтінім (Өтінімдер) негізінде жасалады.

20.5. Егер жаңадан жарияланған Өтінімге қатысты қарсы Өтінімдерде бірдей бағалар болса, олар жарияланған Өтінімдер тізілімінде тіркелу тәртібімен орындалады.

20.6. Егер жаңадан жарияланған Өтінімді толық орындау үшін оған қатысты әртүрлі бағаларды қамтитын бірнеше қарсы Өтінімдердің қатысуымен мәмілелер жасалса, жаңадан жарияланған Өтінімнің бөліктері бұрын келіп түскен Өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша орындалады.

21-бап. Қарсы Өтінімдер аукционы шеңберінде атаусыз Өтінімдер негізінде, сатып алу-сату мәмілелерін жасасу кезінде Тауардың санын айқындау.

21.1. Егер Өтінім оны ішінара орындау мүмкіндігіне жол берсе, онда мәміле (мәміле) оған қатысты қарсы Өтінімдердегі тауардың жалпы санына сәйкес келетін онда көрсетілген тауар санының бір бөлігіне жасалуы мүмкін.

22.2. Егер Өтінім оны ішінара орындау мүмкіндігін көздемесе, онда мәміле (мәміле) осындай Өтінімде көрсетілген Тауардың барлық санына ғана жасалуы мүмкін.

22- бап. Тауармен мәмілелер туралы есептердің мазмұнына қойылатын талаптар

22.1. Электрондық биржалық сауда-саттық барысында биржалық мәміленің жасалғанын растайтын құжат Тауармен жасалған мәміле туралы есеп болып табылады.

22.2. Биржа әрбір Сауда күні Сауда-саттыққа қатысушылармен, оларға бірегей нөмір бере отырып жасаған Тауармен мәмілелер туралы есептерді қалыптастырады.

22.3. Сауда-саттыққа қатысушының мәмілелері туралы есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) сауда-саттыққа қатысушының атауы және оның бірегей биржалық сәйкестендіргіші (Сауда-саттыққа қатысушыға берілген жеке код);
- 2) мәмілені жасасу күні мен уақыты форматта – жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд (дәлдігі кемінде 0,1 секундқа дейін);
- 3) Тауардың атауы және (немесе) коды;
- 4) тауар бірлігінің бағасы;
- 5) тауар саны;
- 6) мәміленің жалпы сомасы.

22.4. Биржалық мәміле бойынша Есеп мәміле жасасқан Сауда-саттыққа қатысушыға Биржаның электрондық құжат айналымы жүйесінде сауда сессиясы мен клиринг аяқталғаннан кейін бірден Биржаның уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен міндетті түрде қол қоя отырып ұсынылады.

22.5. Брокер биржалық мәміле бойынша есепті алғаннан кейін оны өз клиентіне ұсынады.

22.6. Сауда-саттыққа қатысушының талабы бойынша Биржа биржалық мәміле бойынша электрондық есепке қосымша сұрау салуды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Биржаның уәкілетті қызметкері қол қойған биржалық мәміле бойынша қағаз есепті сауда- саттыққа қатысушыға ұсынады.

22.7. Сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша биржалық сауда-саттыққа қатысушыға сауда-саттық сессиясы барысында жасалған барлық биржалық мәмілелер бойынша жиынтық есепті әрбір биржалық мәміле бойынша жекелеген есептерді ұсынбай ұсынуға жол беріледі.

22.8. Биржалық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша Биржаның сауда жүйесінде сауда күні жасалған биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың биржалық мәмілелерінің жиынтық тізілімі қалыптастырылады.

22.9. Брокерлер жасалатын биржалық мәмілелердің есебін әрбір клиент бойынша жеке жүргізеді және осы мәмілелер туралы мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жыл бойы сақтауға міндетті.

22.10. Биржа биржалық сауда саласындағы қызметпен айналысуды тоқтатқан сәтке дейін жасалған барлық биржалық мәмілелер бойынша мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

23- бап. Биржалық мәмілені ресімдеу

23.1. Электрондық биржалық сауда-саттық барысында жасалған биржалық мәміле (тараптардың жауапкершілігі және т.б.) бойынша тауарды жеткізу және төлеу шарттарын нақтылау мақсатында мәміле жасасқан сауда күнінен кейінгі сауда күнінен кешіктірмей мәміле жасасқан Тараптар, биржалық мәміле бойынша тиісті шартты мәміле тараптары мен Биржаның электрондық цифрлық қолтаңбаларын пайдалана отырып, оларды биржа арқылы келісуді қамтамасыз ететін тауар биржасының электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы ресімдеуге құқылы.

23.2. Биржалық мәміле негізінде жасалған шарт биржалық мәміле бойынша есепке ұқсас мәміле талаптарын қамтиды.

24 - бап. Мәмілені орындау тәртібі

24.1. Мәмілелерді орындаудың жалпы тәртібі. Мәміле бойынша сатушы болып табылатын сауда - саттыққа қатысушы мәміледе көрсетілген мөлшердегі мәміленің мәні болып табылатын тауарды мәміле бойынша сатып алушы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушының меншігіне беруге міндетті, ал сауда-саттыққа қатысушы-сатып алушы аталған тауарды меншікке қабылдауға және тауардың көрсетілген санын төлеуге міндетті.

24.2. Сауданың әртүрлі режимдерінде жасалған мәмілелерді орындау ерекшеліктері осы Регламенттің тиісті бөлімдерімен регламенттеледі.

24.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәміледен біржақты бас тартуға жол берілмейді.

25-бап. Сауда жүйесінде техникалық іркілістер туындаған жағдайдағы әрекеттер тәртібі

25.1. Биржа ақылға қонымды және байыпты әрекет ете отырып, Сауда жүйесінде техникалық іркілістердің алдын алу және туындауына жол бермеу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

25.2. Биржа техникалық іркіліс нәтижесі болып табылған және сауданы ұйымдастыруға байланысты қызметтер көрсетуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтін мән-жайларды анықтаған жағдайда, Биржа Техникалық іркілістер журналында техникалық іркіліс фактісі мен уақытын тіркейді, қызметтер көрсетуді тоқтатады және келесілерге бағытталған шараларды дереу қабылдайды;

- техникалық ақауға әкеп соққан себептерді анықтау және жою;
- істен шығудың техникалық салдарын жою;
- Сауда жүйесіндегі ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету, және техникалық іркіліс нәтижесінде жоғалған ақпаратты қалпына келтіру.

25.3. Жекелеген Трейдердің жұмысын мүмкін етпейтін техникалық іркіліс болған жағдайда, егер іркілістер Биржаға байланысты емес себептер бойынша болса, іркіліс себептері Сауда-саттыққа қатысушының күшімен және қаражатымен, өзге жағдайларда - Биржаның күшімен және қаражатымен жойылады.

25.4. Істен шығуды жедел жою мүмкін болмаған кезде Трейдер телефон байланысы арқылы Биржаға өзі жариялаған Өтінімдерді жоюға өтініш бере алады. Телефон арқылы өтініш берілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей көрсетілген өтініш, Биржаға жазбаша немесе электрондық нысанда жіберіледі. Әкімші өтінішті алғаннан кейін 5 (бес) минут ішінде телефон арқылы осы Трейдер жариялаған Өтінімдерді Сауда жүйесінен алып тастайды.

25.5. Сауда жүйесінде іркіліс байқалған кезде Әкімші Сауда-саттықты тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы Сауда-саттыққа қатысушылардың бәріне Сауда-саттық жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қол жетімді тәсілмен хабарланады. Сауда жүйесінің жұмыс істеу қабілеті қалпына келтірілгеннен кейін Сауда-саттық қайта басталады.

25.6. Егер 20 (жиырма) минут ішінде Сауда жүйесінің жұмыс қабілетін қалпына келтіру мүмкін болмаса, Әкімші Сауда-саттықты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Осы шешім Сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа қол жетімді тәсілмен

барлық Қатысушылардың назарына жеткізіледі.

25.7. Техникалық іркілістің болуына қарамастан, Биржа Сауда-саттыққа қатысушының және оның Клиенттерінің осыған байланысты жоғалтқан пайдасы мен өзге де шығындары үшін Сауда-саттыққа қатысушының және оның Клиенттерінің алдында жауапты болмайды.

26-бап. Өтінімнің минималды көлеміне және Сауда лотының мөлшеріне қойылатын талаптарды анықтау және өзгерту.

26.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тауарға қатысты өтінімнің минималды көлеміне және Сауда лотының мөлшеріне қойылатын талаптарды Биржа Басқармасы бекітеді.

27-бап. Бағаларды амал-айла жасауды шектейтін қағидалар

27.1. Биржада бағаларды амал-айла жасауды шектеу жөнінде Биржа келесі мақсаттарда шаралар қабылдайды:

- бағалар деңгейінің күрт күндік көтерілуінің немесе төмендеуінің алдын алу және болдырмау;

- бағалардың жасанды түрде көтерілуінің немесе төмендетілуінің, бағаларға ықпал ету мақсатында сөз байласудың немесе жалған сыбыстардың таралуының алдын алу және болдырмау.

27.2. Тауар бағасының күрт күндік көтерілуін немесе деңгейін төмендетуді болдырмау мақсатында, Биржа тиісті Тауарға баға ауытқуының шекті шекарасын белгілеуге құқылы.

Баға ауытқуларының шекті шекаралары Биржа Басқармасының шешімімен айқындалады.

Баға ауытқуларының шекті шекаралары туралы немесе Тауарға баға ауытқуларының шекті шекараларының өзгеруі туралы ақпарат Сауда-саттыққа қатысушылардың назарына Биржаның интернет-ресурсында хабарлама орналастыру жолымен немесе Сауда жүйесін пайдалана отырып, немесе басқа қол жетімді тәсілмен баға ауытқуларының шекті шекараларын тиісінше белгілеу немесе өзгерту күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарланады.

Баға ауытқуларының белгіленген шекті шекаралары асып кеткен жағдайда тиісті Тауармен Сауда-саттық тоқтатыла тұруы мүмкін. Сауда-саттықты тоқтата тұру туралы, сондай-ақ Сауда-саттықты қайта бастау күні мен уақыты туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды.

27.3. Тауар биржасы биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету шеңберінде бағаларды амал-айла жасау фактісін анықтау және шектеу үшін келесі шараларды қабылдайды:

- 1) Тауарлар бағасының ауытқу шекарасын белгілейді;

- 2) Тауарды сатып алуға, сатуға Сауда жүйесінде орналастырылатын өтінімдерді бақылауды жүзеге асырады;

- 3) жасалған биржалық мәмілелер бойынша Тауарлар бағасының мониторингін жүзеге асырады;

- 4) алдыңғы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты Тауарға баға деңгейлерін талдауды жүзеге асырады;

- 5) Сауда-саттыққа қатысушылардан биржалық сауда-саттыққа тікелей немесе жанама қатысты құжаттар мен мәліметтерді сұратады;

- 6) алдыңғы Сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты Тауарға баға деңгейлерінің минималды және максималды шектерінен асу мониторингін жүзеге асырады;

- 7) қызметтік тексерулер жүргізеді және Сауда-саттыққа қатысушыларға Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік шараларды қолданады.

Бағалы амал-айла жасау фактісі анықталған кезде тауар биржасы биржалық сауда-саттықты тоқтата тұрады, бұл туралы тауар биржасының мүшесіне, уәкілетті және монополияға қарсы органдарға тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа қол жетімді тәсілмен хабарлайды.

27.4. Сауда-саттықта жасалатын мәмілелердің бағаларына әсер ету мақсатында бағалардың ықтимал жасанды түрде көтерілуі немесе төмендетілуі, бағалардың жасанды түрде көтерілуі немесе төмендетілуі мақсатында ықтимал сөз байласу, жалған сыбыстардың ықтимал таралуы фактілеріне тексеру жүргізу кезінде, Биржа Сауда-саттыққа қатысушылардан тиісті Өтінімдерге немесе мәмілелерге тікелей немесе жанама қатысты ақпарат пен құжаттарды беруді талап етуге құқылы оның ішінде:

- тиісті Өтінімдерді жариялауға және тиісті мәмілелерді жасауға байланысты Трейдерлердің түсініктемелері;

- олардың негізінде тиісті Өтінімдер жарияланған және мәмілелер жасалған (егер тиісті өтінімдер Клиенттің мүддесі үшін жарияланған болса) Клиент тапсырмаларының көшірмелері;

- негізінде тиісті тапсырмалар берілген Клиентпен жасалған шарттың көшірмесі (егер тиісті Өтінімдер Клиенттің мүддесі үшін жарияланған болса);

- тиісті мәмілелер жасауға тапсырмалар беруге байланысты Клиенттің түсініктемелері (егер тиісті Өтінімдер Клиенттің мүддесі үшін жарияланған болса);

- Сауда-саттыққа қатысушының лауазымды тұлғаларының оның атынан сұратылған құжаттарға қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттардың белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ осындай лауазымды тұлғалардың қол қою үлгілерін растайтын құжаттар

28-бап. Тауар биржасы мүшелерінің биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету тәртібі

28.1. Тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім беретін және (немесе) Сауда-саттыққа қатысатын Биржа мүшелері Биржа белгілеген тәртіппен оқытудан өтеді.

Клиенттермен және (немесе) олардың өкілдерімен және (немесе) клиенттермен үлестес үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесу кезінде брокер:

- 1) биржалық мәміле жасау кезінде клиенттердің нарықтық әрекетін өзгерту мақсатында оларға тікелей немесе жанама қысым көрсетпейді;

- 2) биржалық сауда-саттықта баға өтінімдерін оларды орындауды көздемейтін әдейі жоғарылату (төмендету) мақсатында шарттар жасаспайды (өтінімдерді беру, кері қайтарып алу);

- 3) екі және одан да көп клиенттер арасында өткізілетін биржалық тауарлардың бағасын белгілеуге әсер ететін бағаларды белгілеу, не ұстап тұру мәселелері бойынша келісімдер жасаспайды (келіссөздер жүргізбейді);

- 4) басқа клиентке мүліктік және өзге зиян келтіруге әкеп соғатын қандай да бір сайланбалы клиентке артықшылық беруге жол бермейді;

- 5) биржалық сауда-саттықтың бәсекелестігін төмендетуге бағытталған биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін басқа брокерлермен және (немесе) дилерлермен үлестестікті пайдаланбайды.

Биржа мүшелері биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз ету шеңберінде келесі шаралар қабылдайды:

- осы Регламентте, Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтайды;

- тиісті хабарламаны және (немесе) растайтын құжаттарды, олар болған кезде, осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында жіберу арқылы аккредиттеу үшін ұсынылған құжаттар мен мәліметтерге енгізілген барлық өзгерістер туралы ақпаратты Биржаға ұсынады;

- Сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру, Сауда-саттықты өткізу, биржалық мәмілелерді тіркеу және орындау мәселелері бойынша Биржаның шешімдерін орындайды;

- Биржа мүшесі ретіндегі қызметке байланысты құжаттарды, оның ішінде биржалық мәмілелерді жасауға және орындауға қатысты құжаттарды тіркейді, есепке алады және сақтайды;

- Биржаның сұрау салуы бойынша оның Биржаның мүшесі ретіндегі қызметіне қатысты құжаттарды ұсынады;

- биржалық алымдарды, сондай-ақ Биржа мен Клиринг ұйымы алатын өзге де төлемдер мен алымдарды төлеуді жүргізеді;
- белгіленген тәртіппен Биржаға жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат береді;
- жасалған биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындайды;
- клиенттің биржалық мәміле бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді.

29-бап. Мәмілелер бойынша дауларды қарау тәртібі

29.1. Биржалық мәмілелерді жасасуға және орындауға байланысты даулар Биржа жанынан құрылған Биржалық арбитражда шешілуге тиіс. Мәміле бойынша міндеттемелерді орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда, мәміле бойынша міндеттемелерді орындауды (тиісінше орындауды) алмаған Сауда-саттыққа қатысушы, осы Регламенттің ережелерін ескере отырып, Биржалық арбитражға талап-арызбен жүгінуге құқылы.

29.2. Мәміле бойынша кез келген дау Дауларды реттеудің наразылық тәртібі туралы ережеде (Регламентке № 1 қосымша) белгіленген тәртіп сақталғаннан кейін ғана, Биржа жанынан құрылған Биржалық арбитражда шешілуге тиіс.

29.3. Биржалық арбитраж қызметінің тәртібі Биржаның Биржалық арбитраж регламентінде айқындалады.

30-бап. Биржада брокерлердің клиенттерін тіркеу тәртібі

30.1. Биржа брокерлердің клиенттерін бастапқы тіркеуді келесі құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) Жарғының/Ереженің көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 3) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 4) келесі ақпарат кезінде: банктік деректемелер, заңды және пошталық мекенжайлар, байланыс телефондары, байланыс жасаушы тұлға.

30.2. Ол жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамаған, сондай-ақ биржалық мәміле жасасудан жалтарған жағдайда, брокер клиентпен биржалық сауда-саттыққа қатысу жөніндегі шартты бұзады.

Клиентпен шарт бұзылған кезде, брокер Биржаға осы клиент бойынша ақпарат ұсынады.

2-бөлім. Стандартты аукцион режимі - АЛЫП ТАСТАЛДЫ.

3-бөлім. Қосарланған қарсы аукцион режимі

56-бап. Қосарланған қарсы аукцион режимі туралы ұғым

56.1. Қосарланған қарсы аукцион режимі - бұл биржалық мәмілелер сатушылар мен сатып алушылардың бәсекелестігі нәтижесінде жасырын жасалатын, ал Тауардың бағасы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі.

57-бап. Қосарланған қарсы аукцион режимінде Клиенттерге брокерлік қызмет көрсету ерекшеліктері

57.1. Қосарланған қарсы аукцион режимінде тауарлармен биржалық сауда-саттыққа қатысатын Брокер, егер осы Регламентте өзгеше көзделмесе, онда бір және одан да көп клиенттердің мүдделерін білдіреді. Бұл ретте Брокер бір мезгілде сатушы мен сатып алушының мүдделерін білдірмейді.

58-бап. Қосарланған қарсы аукционның анықтамалары

58.1. Осы бөлімнің мақсатында қосымша келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

ҚҚА	ҚҚА Қосарланған қарсы аукцион
ҚҚА режиміндегі сауда-саттық	Регламенттің осы тарауында айқындалған тәртіппен және шарттарда Биржа өткізетін сауда-саттық.
ҚҚА сауда-саттыққа қатысушы	Регламенттің осы тарауында белгіленген тәртіппен ҚҚА режимінде Сауда-саттыққа қатысуға рұқсат алған сауда-саттыққа қатысушы.
Биржалық қамтамасыз ету	ҚҚА Сауда-саттыққа қатысушы Клиринг орталығына клиринг қағидаларында көзделген тәртіппен және шарттарда ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде беретін ақша.

59-бап. ҚҚА режимінде сауда-саттыққа дейін жіберілген тауарлар.

59.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттыққа жіберілген Тауарлардың тізбесі Биржа Басқармасы Төрағасының шешімімен белгіленеді.

59.2. Әрбір Тауар бойынша Биржа Басқармасының Төрағасы ерекшелікті (бұдан әрі мәтін бойынша - Ерекшелік) бекітеді, ол келесіні қамтуы тиіс:

- 1) тауардың атауы, сауда құралының (тауардың) коды және оның сапалық сипаттамалары;
- 2) тауарды жеткізу және оған төлеу шарттары;
- 3) лоттың мөлшері, сондай-ақ қажет болған жағдайда тауардың минималды жеткізу партиясы және (немесе) тауарды буып-түю тәсілі;
- 4) тауардың жеткізілгенін растайтын құжаттардың тізбесі;
- 5) тауарды жеткізу кезінде жол берілетін толеранс;
- 6) жеткізу шартының негіздемелік нысанының болуы.

Сондай-ақ Сипаттамада Биржалық қамтамасыз ету мөлшері көрсетіледі.

59.3. Сипаттамада, ол бойынша жасалған биржалық мәмілеге тараптардың қол қоюы міндетті шарттың стандартты нысаны болуы мүмкін.

59.4. ҚҚА режимінде сауда-саттыққа жіберілген Тауардың ерекшелігі осы Тауардың сауда-саттығы басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

60-бап. Тауардың бағасы

60.1. Сауда жүйесіндегі Тауардың бағасы ҚҚС қоса алғанда теңгемен көрсетіледі.

61-бап. ҚҚА режимде сауда-саттық барысында жасалған мәмілелер бойынша Тауарға төлем жасау және он жеткізу тәртібі.

61.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша Тауарды жеткізу, төлеу тәртібі мен мерзімдері Сипаттамада, Клиринг қағидаларында айқындалады.

61.2. Шарттың стандартты нысанымен Сипаттамаға сәйкес ҚҚА режимінде Сауда-саттық барысында жасалған мәміле бойынша Тауарға төлем жасауды Тараптар Клиринг

қағидаларында белгіленген тәртіппен төлем агенті ретінде әрекет ететін Клиринг орталығы арқылы жүзеге асырады.

61.3. Сауда-саттық барысында ҚҚА режимінде жасалған мәмілені Тараптардың бірі орындамаған жағдайда, Клиринг орталығы ол бойынша өз міндеттемелерін Клиринг қағидаларында көзделген тәртіппен жосықсыз Тараптан зардап шеккен Тараптың пайдасына Биржалық қамтамасыз етуді тұрақсыздық айыбы ретінде ұстап қалады.

61.4. Клиринг қағидаларында көзделген жағдайларда, екі Тарап та Сауда-саттық барысында жасалған мәмілені, ол бойынша өз міндеттемелерін орындамаған кезде мәміле Тараптарын Биржалық қамтамасыз етуді Клиринг орталығы өз пайдасына ұстап қалады.

62-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру.

62.1. ҚҚА режиміндегі Сауда-саттыққа қатысуға Биржаның тиісті Сауда секциясында сауда-саттыққа рұқсаты бар және Биржаның электрондық құжат айналымы жүйесіне қосылған Сауда-саттыққа қатысушылар жіберіледі.

62.2. ҚҚА сауда-саттыққа қатысушылар, сондай-ақ тапсырмасы бойынша олар мәмілелер жасасатын олардың клиенттері, соңғылары тауарды сатып алушылар ретінде сауда-саттыққа қатысатын жағдайларды қоспағанда, ҚҚС төлеушілер болуы тиіс.

62.3. Сауда-саттыққа ҚҚА режимінде қатысу үшін Сауда-саттыққа қатысушылар Клиринг орталығында өз ақшасын және өз клиенттерінің тауарға төлеуге арналған ақшасын есепке алу үшін арнайы тіркелім, сондай-ақ Клиринг қағидасында көзделген тәртіппен Биржалық қамтамасыз етудің Клиринг орталығының шотына аударылатын есепке алу үшін арнайы тіркелім ашуға тиіс.

62.4. ҚҚА режиміндегі сауда-саттыққа Клиринг қағидаларының талаптарына сәйкес, Биржалық қамтамасыз етуді енгізген, Сауда-саттық қатысушылары жіберіледі.

62.5. Сауда-саттық қатысушылары ҚҚА режимінде Сауда-саттыққа рұқсат ала отырып, осы сауда-саттық барысында жасалған мәмілелерді орындау жөніндегі өз міндеттемелерін Тауардың тиісті сипаттамасына, Регламенттің осы бөліміне және Клиринг қағидаларына қатаң сәйкес растайды.

63-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз ету.

63.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттық өткізілетін күннің алдындағы жұмыс күнінен кешіктірмей Сауда-саттыққа қатысушылар Клиринг орталығында Биржалық қамтамасыз етуді енгізу үшін шоттар ашуы тиіс.

63.2. Сауда-саттыққа қатысушылар Клиринг орталығына Биржа белгілеген мөлшерде Клиринг қағидаларында көзделген тәртіппен және шарттарда Биржалық қамтамасыз етуді аударады.

63.3. Клиринг орталығы ҚҚА режимінде Мәміле жасасқан Сауда-саттық қатысушыларын Биржалық қамтамасыз етуді мәміле бойынша тауарды жеткізудің және ол бойынша есеп айырысуды аяқтаудың бүкіл кезеңіне Клиринг қағидаларында көзделген тәртіппен оқшаулайды.

63.4. Биржалық қамтамасыз ету ҚҚА Сауда-саттық қатысушыларына клиринг қағидаларында көзделген мерзімдерде және тәртіппен қайтарылады.

63.5. Биржа Биржалық қамтамасыз ету сомасынан ҚҚА режимінде Мәмілені тіркегені үшін биржалық алымды ұстап қалуға құқылы.

64-бап. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері

64.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттыққа қатысу үшін енгізілетін Биржалық қамтамасыз ету мөлшері Қағидалардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

65-бап. ҚҚА режиміндегі Сауда-саттық барысында жарияланатын

Өтінімдердің ерекшеліктері.

65.1. ҚҚА режиміндегі Сауда-саттық барысында бір мезгілде атаусыз, жасырын, лимиттелген өтінімдердің белгілерін үйлестіретін өтінімдер жарияланады.

65.2. ҚҚА режиміндегі Сауда-саттық барысында берілген өтінім ішінара орындалуы мүмкін.

65.3. Нақты сауда құралы (Тауар) бойынша ҚҚА режимінде Сауда-саттық барысында Өтінім беру, Сауда-саттыққа қатысушының осы сауда құралының ерекшелігі шарттарында мәміле жасауға дайындығын білдіреді.

66-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттық барысында жарияланатын Өтінімнің мазмұнына қойылатын талаптар.

66.1. ҚҚА режиміндегі Сауда-саттық барысында жарияланатын өтінімде келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Өтінім берген Сауда-саттыққа қатысушының коды;
- 2) тапсырмасы бойынша өтінім қойылатын клиенттің коды (егер сауда-саттыққа қатысушы өз мүддесі үшін әрекет етсе, осы код қойылмайды);
- 3) Өтінімді жолдау (сатып алу немесе сату);
- 4) сауда құралының коды;
- 5) Тауардың саны;
- 6) Тауардың бағасы (Сатып алуға арналған өтінімде және Сатуға арналған өтінімде көрсетіледі);
- 7) мәміле валютасы және мәміле бойынша төлем: «Т» - қазақстандық теңге;
- 8) Өтінім бойынша ішінара орындау мүмкіндігі.

67-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттық барысында Өтінімдерді жариялау тәртібі.

67.1. Сауда-саттыққа қатысушылардың ҚҚА режимінде Өтінімдерді жариялауы осы Регламенттің 15-бабында белгіленген тәртіппен Биржаның сауда жүйесінде ол үшін арнайы бөлінген терезеде (лимиттік өтінімдер кестесінде) нақты сауда құралы бойынша жүзеге асырылады.

67.2. Сауда-саттыққа бір Қатысушының әртүрлі клиенттердің тапсырмасы бойынша сатып алуға да, сатуға да Өтінімдерді бір мезгілде ұсынуына жол беріледі.

67.3. Жарияланған Өтінім не ішінара орындау мүмкіндігі бар Өтінім жарияланған жағдайда - оның орындалмаған бөлігін Сауда-саттыққа қатысушы олар акцептелгенге дейін кез келген уақытта алып тастай алады.

67.4. ҚҚА режимінде өткізілетін сауда сессиясы аяқталғаннан кейін тауарды сатып алуға (сатуға) қанағаттандырылмаған барлық өтінімдер тауар биржасының сауда жүйесімен жойылады не соңғысы өтінімде көзделген болса, келесі сауда күніне ауыстырылады.

68-бап. Сауда-саттықта ҚҚА режимінде мәмілелер жасасу.

68.1. Сауда-саттыққа қатысушылардың оферта алу сәті Өтінімді жариялау сәті болып табылады.

68.2. Офертаны қабылдауды Сауда-саттыққа қатысушы қарсы Өтінімді жариялау арқылы жүзеге асырады. Сауда-саттыққа қатысушы - оферент акцепті алу сәті осы Сауда-саттыққа қатысушы жариялаған Өтінімге қатысты қарсы болып табылатын Өтінімді жариялау сәті болып табылады.

68.3. Қарсы өтінім деп келесі Өтінім танылады:

Сатып алуға арналған өтінім үшін Сатып алуға арналған өтінімнің бағасына қатысты төмен бағамен (ал ондай баға болмаған кезде - тең бағамен) Сатуға арналған өтінімдер арасында уақыт бойынша ерте жарияланған сатуға арналған Өтінім қарсы Өтінім болып табылады;

Қарсы сатуға арналған өтінім үшін Сату өтінімінің бағасына қатысты үлкен бағамен (ал ондай баға болмаған кезде - тең бағамен) Сатып алуға арналған өтінімдер арасында уақыт бойынша бұрын жарияланған Сатып алуға арналған өтінім болып табылады.

68.4. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалатын мәміленің бағасы және ол бойынша тауардың саны осы Регламенттің 21 және 22-баптарында көзделген тәртіппен айқындалады.

68.5. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында жасалды деп есептеледі.

69-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта Өтінімдерді жариялауға және мәмілелер жасасуға шектеулер.

69.1. Сауда-саттыққа қатысушы Қағидаларды бұза отырып берген Өтінім тізілімінде тіркелмейді.

69.2. Сауда-саттықта ҚҚА режимінде кросс-мәмілелер жасасуға жол берілмейді. Сауда-саттық қорытындылары бойынша анықталған жасалған кросс-мәмілелер жойылуға жатады.

69.3. Биржа ҚҚА режимінде Сауда-саттықта Өтінімдерді хабарлауға және мәмілелер жасауға өзге де шектеулер белгілеуге құқылы.

70-бап. ҚҚА режимінде Өтінімдер тізілімін және Мәмілелер тізілімін қалыптастыру тәртібі.

70.1. ҚҚА режимінде берілетін Өтінімдер және онда жасалған мәмілелер бойынша осы Регламенттің 16 және 19-баптарында белгіленген тәртіппен Өтінімдер тізілімі және Мәмілелер тізілімі қалыптастырылады.

71-бап. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған Мәміле туралы есептің мазмұнына қойылатын талаптар.

71.1. Әрбір Сауда күні Биржа Сауда-саттыққа қатысушының ҚҚА режимінде жасаған Мәмілелері туралы есептерді қалыптастырады және оларды осы Регламенттің 22-бабында көзделген тәртіппен Сауда-саттыққа қатысушыға және бір мезгілде Клиринг орталығына ұсынады.

71.2. Биржаның Сауда-саттыққа қатысушыға жасалған мәмілелер туралы есебі келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) мәміленің сәйкестендіру нөмірін;
- 2) мәміленің Мәмілелер тізілімінде тіркелген күні мен уақытын;
- 3) Тауарды сатып алу-сату мәмілесі бойынша құқықтар мен міндеттердің жиынтығын (Тауарды сатып алу немесе Тауарды сату);
- 4) өтінімі қарсы деп танылған мәміле бойынша Сауда-саттыққа қатысушының - контрагенттің кодын және оның клиентінің сауда шотының кодын;
- 5) Сауда-саттыққа қатысушы көрсеткен сауда шотының кодын;
- 6) Тауарды бізмәнді айқындайтын Тауардың кодын;
- 7) Тауардың бағасын;
- 8) мәміле сомасын;
- 9) Тауардың санын.

71.3. Бұдан басқа, есеп Биржалық қамтамасыз етуді есепке алу тіркелімдеріндегі және ақшаны есепке алу тіркеліміндегі қалдықтар туралы, сондай-ақ бұрын жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау сатылары туралы мәліметтерді қамтиды.

72-бап. Сауда-саттықта ҚҚА режимінде жасалған мәміле бойынша шартты ресімдеу тәртібі.

72.1. ҚҚА режимінде сауда-саттықта жасалған мәміле бойынша шартты Тараптар

Клиринг қағидаларында, Сипаттамада және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ресімдеуге тиіс.

73-бап. Сауда-саттықта ҚҚА режимінде жасалған мәмілені орындау шарттары.

73.1. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған мәміле бойынша сатушы болып табылатын Сауда-саттыққа қатысушы, мәміленің нысанасы болып табылатын Тауарды мәміле бойынша сатып алушы болып табылатын Сауда-саттыққа қатысушының меншігіне мәміледе көрсетілген мөлшерде беруге міндетті, ал Сауда-саттыққа қатысушы - сатып алушы көрсетілген Тауарды меншігіне қабылдауға және Тауардың көрсетілген мөлшерін төлеуге міндетті.

73.2. ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған мәмілелер Тауардың тиісті ерекшелігінде және Клиринг ережесінде көзделген тәртіппен және шарттарда орындалуға жатады.

73.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, ҚҚА режимінде Сауда-саттықта жасалған мәміледен біржақты бас тартуға жол берілмейді.

74-бап. ҚҚА режиміндегі сауда-саттық бойынша тарифтер

74.1. ҚҚА режимінде мәмілені тіркегені үшін, ақпараттық-техникалық қызмет көрсеткені үшін биржалық алым және басқа да комиссиялар Биржаның шешімімен белгіленеді және Биржаның интернет-ресурсында жарияланады.

74.2. Сауда-саттыққа қатысушылар жасалған биржалық мәміледен бас тартқан жағдайда Биржамен мәмілені тіркегені үшін биржалық алым қайтарылмайды.

75-бап. Сауда-саттықта ҚҚА режимінде жасалған мәміле бойынша дауларды қарастыру

75.1. ҚҚА режимінде сауда-саттықта жасалған Мәміле бойынша міндеттемелерді орындамаған / тиісінше орындамаған жағдайда, мәміле бойынша міндеттемелерді орындауды / тиісінше орындауды алмаған Сауда-саттыққа қатысушы, Биржаның Биржалық арбитражына талап қоюмен жүгінуге құқылы.

75.2. Мәміле бойынша кез келген дау осы Регламентке № 1 қосымша болып табылатын дауларды реттеудің наразылық тәртібі сақталғаннан кейін ғана Биржаның Биржалық арбитражында шешілуге жатады.

76-бап. Біреуден артық клиентке қызмет көрсететін брокерге қойылатын талап.

76.1. Брокердің клиенттерінен биржалық тауарды сатып алуға (сатуға) арналған өтінімдер арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде, брокер клиенттің уақыт бойынша ерте алған өтінімін басқа клиенттік өтінімдерге қарағанда ертерек орындайды.

76.2. Клиенттің талап етуі бойынша, брокер клиентке клиенттік бұйрықтың келіп түсуінің нақты мерзімөлшемін және осы клиенттік бұйрыққа сәйкес келетін өтінімді осы брокердің Сауда жүйесіне өтінімдерді қоюы бойынша, Биржаның мерзімөлшемін салыстыру үшін қоса бере отырып, оның Сауда жүйесіне ұсынуға міндетті.

4-бөлім. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу.

78-бап. Жалпы ережелер.

78.1. Биржа биржалық тауарлар нарығына талдамалық зерттеулер жүргізу шеңберінде Биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу регламентінде бекітілген

тәртіппен биржадан тыс мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырады.

78.2. Биржалық тауардың шарттық бағасы бойынша бір-біріне белгілі сатып алушылар мен сатушылар арасында келіссөздер барысында жасалған атаулы мәмілелер биржадан тыс мәмілелер деп танылады.

78.3. Биржадан тыс мәмілені Биржада тіркеу осы мәміленің тараптары үшін қандай да бір шығындарға әкеп соқпайды.

5-бөлім. Биржалық сауда-саттыққа қатысу процесінде автоматтандырылған алгоритмдерді қолдану шарттары мен тәртібі

79-бап. Деректерді және сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді автоматтандырылған, жеделдетілген өңдеу және беру технологиясын пайдалану бойынша шектеу

79.1. Биржа мүшелеріне өтінімдер қою және мәмілелер жасасу үшін сауда жүйесіне жүгіну жылдамдығы секундына екіден астам өтінішті құрайтын деректерді автоматтандырылған, жеделдетілген өңдеу және беру технологиясын және сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді пайдалануға тыйым салынады.

Осындай технологияларды пайдалана отырып жасалған мәмілелер мәніссіз деп танылады және Биржамен күшін жоюға жатады.

Тауар биржасы жойған мәмілелер бойынша биржалық тауарлар келесі және (немесе) қосымша сауда сессиясы шеңберінде сауда-саттыққа қайта шығарылады.

79.2. Электрондық сауда жүйесіне өтінімдерді жинаудың, енгізудің және жіберудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдарын, сондай-ақ Биржаның мүшелері тарапынан оны пайдалана отырып жасалатын барлық іс-әрекеттерге бақылауды қамтамасыз ететін режимде жұмыс істейтін сауда жүйесінен ақпаратты алу мен өңдеуді, Биржа сертификаттайды.